



7 наурыз, бейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy.kz



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy



ПРЕЗИДЕНТ

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Президентке елімізде «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру, кез келген құқық-бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде есеп берілді.

Ержан Сәденов ведомство өз қызметі барысында Мемлекет басшысының Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында берген тапсырмаларына сәйкес құқықбұзушылықтың алдын алу және азаматтардың құқықтық сауатын арттыру мәселелеріне баса мән беріп отырғанын баяндады. Соның нәтижесінде жыл басынан бері қылмыс деңгейі төмендеген. Атап айтқанда, ұрлық, тонау, қарақшылық, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық және көшеде жасалған қылмыстар, кәмелетке толмаған және бұрын сотталған азаматтар істеген қылмыстар айтарлықтай азайған.

Мемлекет басшысына құқық-бұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірінші заң әзірлеу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөнінде арнайы бөлімше құру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Президентке ұйымдасқан қылмысқа, есірткі қылмысына, экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмыстарының нәтижесі таныстырылды. Министр кибер-қылмысқа қарсы күрес жүргізетін дербес қызмет құрылатынын жеткізді.

Сонымен қатар Ержан Сәденов орта буынға жататын басшылық құрамды кезектен тыс аттестациядан өткізуге дайындық барысы жайында айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Мейірім мерекесі



Жылдағы дәстүр бойынша 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Анаға тағзым» орталығында өткен салтанатты іс-шарада аналар мен қыз-келіншектерді мерекемен құттықтады. Оған ақ жаулықты өжелер мен көпбалалы аналар, түрлі сала өкілдері, аймақ дамуына үлес қосқан кәсіпкер, ғалым, спортшы арулар қатысты.

Аймақ басшысы Сыр өңірінде әйелдердің ғылым, кәсіпкерлік, креативтік, басқа да салалардағы бастамашылдығына, әсіресе, көпбалалы аналарға жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

– Былтыр өңірімізге іссапармен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жаңадан ашылған «Анаға тағзым» орталығында болып, мұндағы жұмыстарға жоғары бағасын

берді. Президентіміз осы орталықта бүкіл ел аналарының басын қосатын, саликалы жиындар өткізетін тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыру туралы тапсырма берді. Бірнеше күн бұрын дәстүрлі «Анаға тағзым» республикалық форумын өткіздік. Шараға Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы, Мәдениет және ақпарат ми-

нистрі Аида Балаева, елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, барлық өңірлерден делегаттар қатысты. Форум аясында мәдениет пен өнердің құтты шаңырағы – «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылды, – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде қоғам қайраткері Бибіжан Жаукебаева, 10 баланың анасы, 50 немере мен 20 шөберенің әжесі Келіс Мамырбай, еңбек ардагері, 9 немере мен 8 шөберенің әжесі Құлпаш Үкібаева, сарапшы журналист, Ақпарат саласының үздігі Айтқұл Шалғынбаева сөз сөйлеп, ақ тілектерін айтты. Сондай-ақ Сыр өңірінде отбасы құндылықтарын насихаттап, отбасылық-демографиялық саясатты белсенді іске асырған асыл жандар Қызылорда

облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Салтанатты шара көрерменге мерекелік көңіл-күй сыйлайтын концертпен жалғасты.

Айта кетейік, Қызылорда облысында 141 мыңнан астам отбасы, 48 мыңнан астам көпбалалы ана бар. Олардың 17 мыңға жуығы – «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегері. Статистикаға зер салсақ, өңірдің 833531 тұрғынының 415243-і – әйелдер. Оның 188639-ы қалада, 223237-сі ауылдық жерде тұрады. Мемлекеттік қызметшілердің 37,4 пайызы, медицина қызметкерлерінің 87 пайызы, педагогтердің 78,3 пайызы, бюджет саласындағы қызметкерлердің 62 пайызы – әйелдер.

«СЫР САМАЛЫ»

өзгеше сәулетті тұрғын үй кешеніне айналады

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Сыр самалы» аталатын бизнес санатындағы алғашқы тұрғын үй кешені құрылысының ресми таныстырылымы өтті.

Жобаның құны – 9,7 млрд теңге. Оны «Altyn land» ЖШС былтыр бастаған болатын. Тұрғын үй кешені алдағы жылы ел игілігіне айналады деп күтілуде. Көркі көз тартатын тұрғын үй 27 мың шаршы метр аумаққа орналасады. Оның ішінде коммерциялық ауданы 5 мың шаршы метрді құраса, жерасты тұрағында көлікке арналған 112 орын бар.

Тұрғын үй кешенінде пәтерлер 2-5 бөлме аралығында болады. Оны төлеудің түрлі жолы қарастырылған. Нақты ақшаға алған және басым бөлігін төлеген тұрғындарға жеңілдіктер беріледі.

– Халықты баспанамен қамту – еліміздегі негізгі басымдықтың бірі десек, өңірде бұл бағытта тындырымды тірліктер атқарылууда. Өткен жылы аймақта 4 108 пәтерлі 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы. – Осылайша 400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Жарасымды істің жалғасы ретінде «Сыр самалы» тұрғын үй кешені қаламызға ерекше көрік беретін ғимараттардың бірі болары сөзсіз.

Облыс әкімінің айтуынша, биыл бюджет қаражаты есебінен 14,3 млрд теңгеге 1890 пәтерлі 70 тұрғын үй салынады. Оның ішінде Қызылорда қаласында 1544, аудандарда 346 пәтер, оның 16-сы жеті қабатты тұрғын үйлер болады.

Мұнан бөлек, Қызылорда қаласы мен елді мекендердің сәнін келтіретін әлеуметтік нысандар көптеп бой көтеруде. Бүгінде сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты салынууда. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде биыл 10 мектеп іске қосылып, тағы 11-нің құрылысы басталады. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын



шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынады деп жоспарлануда. Қызылорда қаласындағы «Қан орталығының» және перинаталдық орталықтың құрылысы таяу арада пайдалануға беріледі. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені бой көтеруде.

Болат Өтемұратовтың қоры есебінен Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынып, жақын күндері ел игілігіне айналады деп күтілуде. Осы кезге дейін қалада бір ғана «Оқушылар үйі» болса, «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құры-

лысы қарқынды жүргізілуде. Сондай-ақ «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынууда.

Өткен жылы «Отбасы орталығы» өз қызметін бастаса, жуырда 1000 орындық «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылды. Оған қоса сол жағалаудан жаңа өлкетану музейі бой көтереді. Инвесторлар қолдауымен 37 млрд 600 млн теңгенің жобалары іске асуда.

«Сыр самалы» тұрғын үй кешені ресми таныстыру рәсімі мерекелік концертпен аяқталды. Отандық эстрада әншілері Мәдина Сәдуақасова мен Серік Ибрагимов жиналғандарға ән шашуын арнады.

«СБ» ақпарат

СҰХБАТ

Қоғам дәстүрлі құндылықтар төңірегіне топтасуы тиіс

Көктем лебі ескенде табиғаттың ең нәзік жаратылысы – аналарға, қыз-келіншектерге құрмет көрсетуге асығамыз. Олардың құшағын гүлге толтырып, ақ тілекті жаудырып, өдемі кештер ұйымдастырамыз. Бұл – мереке қарсаңындағы қарбалас, ал облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия жыл көлемінде ауқымды жұмыс атқарады. 8 наурыз қарсаңында аталған комиссия хатшысы Қаламқас Кәрімовамен сұхбаттасып, негізгі жұмыс бағыттары туралы білген едік.

